

---

---

## НОТАРИАТ ИНСТИТУТЫНЫҢ МҰРАГЕРЛІК ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ФУНКЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Акимжанова М.Т. - PhD докторы, «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті» КЕАҚ, азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының қауымдастырылған профессоры*

*Төрехан Д.- заң факультетінің 1 курс магистранты  
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті» КЕАҚ*

Азаматтардың мұрагерлік құқықтарды құқықтық қорғауды қамтамасыз ету жеке меншік құқығын қорғау негізі, азаматтық айналым бостандығының ажырамас элементі болып табылады. Жеке меншікті мүліктің басқа нысандарымен теңестірген Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі отандық азаматтық құқықтағы меншік институтының түбегейлі өзгерістерін бекітті. [1] Азаматтарға тиесілі мүліктің түрлеріне, көлеміне және құнына қатысты барлық заңнамалық тыйымдардың жойылуы пәтерлерді, үйлерді, кәсіпорындарды, жер учаскелерін, өзге де жылжымайтын мүлік объектілерін, сондай-ақ, көптеген және алуан түрлі мүліктік құқықтарды мұраға қалдырудың құқықтық мүмкіндігінің пайда болуына алып келеді. Қолданыстағы заңнамада, ең алдымен мұрагерлік қатынастарды реттейтін заңнамада болған өзгерістер нотариат туралы заңнамаға да өзгерістер енгізуді талап етеді, өйткені бүгінгі таңда мұрагерлік саласындағы заңдылықты қамтамасыз ететін негізгі құқық қорғау органы нотариат болып табылады.

Мұрагерлік құқықтық қатынастар саласындағы субъективті құқықтарға тиісті сенімділік пен даусыздықты, өсиет бостандығы мен оның орындалуын нақты қамтамасыз ету, мұра ету кезінде отбасының мүдделерін қорғау, мұрагерлер мұра қабылдағанға дейін мұрагерлік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, мұрагерлік қатынастардың әлеуметтік қорғалмаған субъектілерінің - кәмелетке толмаған балалардың және еңбекке жарамсыз мұра қалдырушының асырауында болғандардың құқықтарына кепілдік беру міндеті жатыр. Нотариаттың құқық қорғау функциясы азаматтық айналымға қатысушылардың құқықтық әрекеттерінің заңдылығы кең мағынада қамтамасыз ететін, азаматтық және қылмыстық құқық бұзушылықтардың деңгейін төмендететін мемлекеттік-құқықтық институт ретіндегі орнын көрсетеді. Бұл ретте құқық қорғау функциясын нотариустар жоғарыда аталған нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде ғана емес, сондай-ақ, іс жүзінде кез келген нотариаттық іс-әрекеттер жүзеге асырғанда анықталады. [2;12-13]

Нотариаттың мұрагерлік құқықтарды қамтамасыз ету және қорғау саласындағы қызметінің құқықтық негізі, ең алдымен, Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы болып табылады, оған сәйкес мұра ету құқығына кепілдік беріледі. [3]

Құқық қолдану тәжірибиесі азаматтардың жылжымайтын мүлік объектілеріне, оның ішінде кәсіпорындарға, пәтерлерге, тұрғын үйлерге, жер учаскелеріне, бағалы қағаздарға, сондай-ақ өзге де мүлік түрлері мен мүліктік құқықтарға мұрагерлік құқықтарын іске асыруға мүдделілігін растайды. Мұрагерлік істер бойынша нотариустың нотариаттық іс жүргізудің барлық қатысушылары үшін тең құқықтық жағдайларды қамтамасыз етудегі және барлық адамдарға, оның ішінде оған жүгінбегендерге қатысты заңды сақтаудағы рөлі айқын көрінеді. Тәуелсіз және бейтарап нотариустың мұрагерлік істі жүргізуі барлық мұрагерлердің мүдделерін ескеруді қамтамасыз етеді және мұра қалдырушының еркіне немесе заңға сәйкес мұраны алуға тең жағдай жасайды.

---

---

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне [1] және Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» Заңына сәйкес мұрагерлік құқықтық қатынастардың динамикасы үшін маңызды нотариаттық іс-әрекеттерге: өсиеттерді, оның ішінде құпия өсиеттерді куәландыру, мұраға құқық туралы куәлік беру, мұрагерлік мүлікті қорғауға шаралар қабылдау, мұрагерлік мүлікті сенімгерлік басқаруды орнату жатады. [4] Біздің ойымызша, ең маңызды нотариалдық әрекеттерді талдау қажет.

Өсиет бойынша мұрагерлік - бұл мұра қалдырушының еркіне негізделген қайтыс болғаннан кейін мұрагерліктің заңмен реттелген тәртібі. [5;227] Нотариус әрекет қабілетті азаматтардың нотариусқа өздері ұсынған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жасалған өсиеттерін куәландырады. Бұл өкілдер арқылы өсиеттерді куәландыруға жол берілмейді дегенді білдіреді. Өсиеттерді куәландыру кезінде өсиет қалдырушылардан олардың өсиет арқылы аусатын мүлікке құқықтарын растайтын дәлелдемелерді ұсыну талап етілмейді. Нотариус өсиетті куәландыру функциясын орындай отырып, келесі әрекеттерді орындайды: мұрагерге мұрагерлік туралы заңнаманы түсіндіреді; өсиеттің мазмұнына қатысты кеңес береді; мұрагердің жеке басын анықтайды, оның құқықтық қабілетін тексереді, куәландыру жазбасын жасайды және т.б. Өсиеті еркіндігі мұрадағы міндетті үлес туралы ережелермен ғана шектеледі. Осыған байланысты нотариусқа өсиет қалдырушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 1069-бабының мәнін түсіндіру және бұл туралы өсиетте белгі жасау міндеті жүктеледі. [1]

Нотариаттық тәжірибе көрсетіп отырғандай, өсиеттерді нотариаттық куәландыру кезінде материалдық құқық нормаларының мынадай бұзушылықтары анықталады: өсиетті жасасу, қол қою, куәландыру кезінде олардың пайдасына өсиет жасалған адамдардың куәгер ретінде қатысуы; өсиетке пайдасына өсиет жасалған адамның жұбайының өсиет қалдырушының орнына қол қоюы; қол қоюшы қол қойған өсиетте өсиет қалдырушының өсиетке өз бетінше қол қоя алмауының себебі және т.б. көрсетілмейді. Осы бұзушылықтарды болдырмау үшін заңнаманың мынадай талаптарын ескеру қажет деп есептеміз. Өсиетті нотариаттық куәландыру кезінде өсиетті орындаушы мен куәлар бұған өсиет қалдырушының қалауы бойынша ғана қатыса алады, ал өсиетті куәландыру кезінде қатысқан адамдарға нотариус мұра ашылғанға дейін өсиеттің құпиясын сақтау, өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, өзгертілуіне немесе күшін жоюға қатысты мәліметтерді жария етпеу міндетін және өсиет қалдырушының моральдық зиянды өтеуді талап ету немесе өсиет құпиясы бұзылған жағдайда азаматтық құқықтарды қорғаудың басқа да тәсілдерін пайдалану құқығын түсіндіреді. [6;223-224] Нотариаттық тәжірибе көрсетіп отырғандай, өсиеттерді нотариаттық куәландыру кезінде материалдық құқық нормаларының мынадай бұзушылықтары анықталады: өсиетті жасау, қол қою, куәландыру кезінде олардың пайдасына өсиет жасалған адамдардың куәгер ретінде қатысуы; өсиетке пайдасына өсиет жасалған адамның жұбайының өсиет қалдырушының орнына қол қоюы; қол қоюшы қол қойған өсиетте өсиет қалдырушының өсиетке өз бетінше қол қоя алмауының себебі және т. б. көрсетілмейді. Осы бұзушылықтарды болдырмау үшін заңнаманың мынадай талаптарын ескеру қажет. Өсиетті нотариаттық куәландыру кезінде өсиетті орындаушы мен куәлар бұған өсиет қалдырушының қалауы бойынша ғана қатыса алады, ал өсиетті куәландыру кезінде қатысқан адамдарға нотариус мұра ашылғанға дейін өсиеттің құпиясын сақтау, өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, өзгертілуіне немесе күшін жоюға қатысты мәліметтерді жария етпеу міндетін және өсиет қалдырушының моральдық зиянды өтеуді талап ету немесе

---

---

өсиет құпиясы бұзылған жағдайда азаматтық құқықтарды қорғаудың басқа да тәсілдерін пайдалану құқығын түсіндіреді. [6;223-224]

Өсиетті жою әдістері ерекше маңызды болып табылады. Нотариус өсиеттің күшін жою туралы хабарлама алған немесе бұрын жасалған өсиеттің күшін жоятын немесе өзгертетін жаңа өсиетті алған жағдайда, бұл туралы нотариуста сақталатын өсиеттің данасына және нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізіліміне белгі қояды. Өсиеттің күшін жою туралы хабарлама нотариаттық куәландыруға тиіс.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 1051-бабының 4-тармағына сәйкес нотариус «құпия өсиетті» куәландырады, бұл ретте ол осы құжаттың мазмұнымен танысу құқығынан айырылады. Көріп отырғанымыздай, ашылу сәтіне дейін құпия өсиеттің мәні мұрагерлерге де, нотариусқа да белгісіз болады. «Жабық» өсиеттерді куәландіру Беларусь Республикасында, Ресей Федерациясында, Францияда, Германия елдерінде қолданылады – олар құпия өсиет ретінде анықталған. [7;25] Сонымен қатар, өсиет куәгерлердің қатысуымен жасалатын жағдайлар қарастырылған, сондай-ақ өсиетті жасасу, қол қою немесе куәландіру кезінде куәгер ретінде болу құқығынан айырылған және тиісінше өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоюға құқығы жоқ адамдар нақты айқындалған. [8;172]

Мұрагерлердің құқықтарын растауға бағытталған ең кең таралған нотариаттық іс-әрекеттерді бірі – мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру. Аталмыш құжат мұрагерлердің субъективті құқықтарын ресми түрде растайды, сәйкесінше мұрагерлік құқықтық қатынастар тоқтатылады. Мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру кезінде нотариус мұрагерлер тобын анықтауға, бірнеше мұрагерлер болған кезде мұрагерліктің құрамын дұрыс анықтауға, құқық туралы мәселені және т.б. шешуге міндетті. Мұрагерлік құқығы туралы куәлік беру үшін нотариусқа мұраны белгіленген мерзімде қабылдау фактісін дәлелдеу талап етіледі, ал нотариус үшін жазбаша құжаттар ғана дәлелді мәнге ие болады. Егер мұндайлар болмаса немесе ұсынылған құжаттар мұраға құқық туралы куәлік беру туралы мәселені шешу үшін жеткіліксіз болса, мұрагер мұраны қабылдау фактісін заңдық маңызы бар деректерді анықтау қағидаларына сәйкес сот тәртібімен растауға тиіс. [9; 78]

«Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысына сәйкес мұраны іс жүзінде қабылдау деп мұрагердің мұраны қабылдау үшін мерзім ішінде жасаған және мұрагердің мұра қалдырушының мүлкінің тағдырына қатысуы туралы куәландыратын құжатпен расталған кез келген іс-әрекетін, бұл ретте мұраны іс жүзінде қабылдағаны туралы куәландіруы мүмкін тізбесін түсіну керек (мұралық мүлікті иеленуге немесе басқаруға кіріскен; мұралық мүлікті сақтау, оны үшінші тұлғалардың қол сұғушылығынан немесе талабынан қорғау жөнінде шаралар қабылдау; мұралық мүлікті күтіп-ұстауға арналған шығыстарды өз есебінен жүргізу; мұра қалдырушының борыштарын өз есебінен төлеу немесе үшінші тұлғалардан мұра қалдырушыға тиесілі ақша қаражатын алуы). [10] Белгіленген мерзім өткеннен кейін мәлімдеген адамдардың мұраны іс жүзінде қабылдағанын растау үшін назар аударылатын мән-жайлар мен құжаттарға әрқашан тиісті баға берілмейтінін атап өткен жөн, соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 1072-3-бабының талаптары бұзылады деп есептейміз. [1] Мысалы, мұрагерлік құқықтарды рәсімдеу кезінде нотариустар тұрғын жай үшін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу туралы құжаттарды қабылдайды, олар

бойынша төлемдер мұраны қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін жасалады, ал кейбір жағдайларда олар бойынша төлеуші ретінде мұра қалдырушыны көрсетеді. Бұл реттерде мұраның іс жүзінде қабылданғанын куәландыратын іс-әрекеттер «Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысында белгіленген мұраны қабылдау мерзімі ішінде жасалуға тиіс. [6;227]

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі дамуының қазіргі кезеңінде нотариат институты азаматтық айналымға қатысушылар іс-әрекетінің заңдылығын қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің құқық қорғау функцияларын іске асыруға қатысып қана қоймай, сонымен қатар айтарлықтай үнемді институт болып табылады, өйткені жекеше нотариустар (ал қазіргі уақытта олардың көпшілігі болғаны бәрімізге мәлім) мемлекеттің бюджеттік қаржыландыруында емес, өз функцияларын азаматтық айналым субъектілерінің есебінен орындайды. Нотариаттық органдардың алдын алу шараларын іске асыру азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіруге орасан зор күш-жігер мен қаражат жұмсамай, қоғам мен мемлекеттегі бірқатар келеңсіз үрдістерді тиімді бақылауға, олардың себептерімен күресуге мүмкіндік береді.

Нотариаттық және сот тәжірибесін жалпы талдау нотариустардың қате шешімдерінің санын азайтуға мүмкіндік береді және нәтижесінде нотариустар ресімдейтін, мұрагерлік-құқықтық қатынастарды бекітетін нотариаттық актілердің сапасын арттыруға әкеледі. Барлық қиындықтарға қарамастан, нотариат институтының Қазақстан Республикасының мұрагерлік құқығын дамытудағы әлеуеті әлі де таусылған жоқ. Заң шығару саясатының мақсаты - мұра қалдырушы мен мұрагерлердің мүдделерінің әділ тепе-теңдігін іздестіру, сондай-ақ, мұрагерлік құқықтарды қорғау бойынша ерекше өкілеттіктерге ие нотариустың құқықтық мәртебесін жетілдіру болуы керек деп есептейміз.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Азаматтық Кодексі. (ерекше бөлім) // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K990000409_)

2 Самсонов В.В. Нотариат: курс лекций: учебное пособие для вузов. – М.: Издательство «Экзамен», 2006. – 252 с.

3 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029#activate\\_doc=2](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029#activate_doc=2)

4 «Нотариат туралы» 1997 ж. 14 шілдедегі № 155-1 Қазақстан Республикасының Заңы (2021.01.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51008028#activate\\_doc=2https](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51008028#activate_doc=2https)

5 Москаленко И.В. Нотариальные действия и их роль в наследственных правоотношениях. // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России.-2006.-№ 2(30).-С.227-229.

6 Бегичев А.В. Проблема реализации единообразия нотариальной практики оформления наследственных прав: опыт взаимодействия адвоката и нотариуса. // Вестник университета имени О.Е.Кутафина. – Москва.-2017.-№ 12. – С.222-228.

7 Акимжанова М.Т., Ахметов А. Нотариат в Республике Казахстан как правовой институт в сфере обеспечения и защиты прав граждан на наследование. // Академик С.З. Зиманов — учёный, педагог, государственный и общественный деятель: Материалы

---

---

международной научно-практической онлайн конференции: Научное электронное издание. - Караганда, 2021.- С.25-28.

8 Ахметов А. Нотариальное удостоверение завещаний в Республике Казахстан: правовая сущность и значение. //Актуальные проблемы правового регулирования и новые подходы к реализации национального права. - Материалы научно-практической онлайн-конференции: Изд-во КарУ, 2021. — С.171-175.

9 Свит Ю. П. Судебная защита наследственных прав // Цивилист- 2006. № 3- С.78-82

10 Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы N 5 Нормативтік қаулысы. [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P09000005S_)

## **АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЗАҢ МӘТІНДЕРІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР**

*Садепхан Алия, Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ  
3 курс студенті*

*Ғыл. жет: Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының  
аға оқытушысы Тоқатов Р.А.*

Тіл мемлекетіміздің тірегі, тәуелсіздігімізбен егемендігіміздің айғағы. Қазақ тілі мемлекетіміздің өткені мен келешегінен сыр шертер тірі тарих, халқымыз ана тілімізді ұлтымыздың баға жетпес байлығына, тірегіне балайды. Осы орайда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақтың болашағы – қазақ тілінде жатыр» деген сөзі еріксіз еске түседі. [1] Ал бүгінде осы мемлекеттік тіліміздің өз отанында қысым көріп жатқанын жасыра алмаймыз. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясының тарылуы еліміздің ертеңіне көлеңке түсіреді, бүгінгі таңда қазақ тілінің қысым көріп жатқан салаларның бір заң саласы. Заңгерлеріміздің қазақша кеңес бермеуі, судьяларымыздың сот істерін орыс тілінде жазылған заңдарға сүйеніп қазақша жүргізуі, қазақша заңдарымызбен құқықтық актілерімізде жіберілген аударма қателерімен еміле қателерінің бәрі тағысын тағылар соның көрінісі. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі, мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін, іс қағаздарын жүргізу тілі болуға тиіс» делінген. [2] Заңымызда берілген талаптар бүгінгі таңда толық орындалып жатыр деп айта алмаймыз. Мемлекеттік тілдің маңыздылығын арттыру мақсатында, оның сапасын жетілдіру үшін мемлекеттік тілде іс қарайтын судьяларды және іс құжаттарын мемлекеттік тілде сапалы жүргізіп отыратын сот мамандарының көбеюіне ат салысуымыз керек. Сонымен қатар, өткізілетін жиналыстар, дөңгелек үстелдер, семинар сабақтары қазақ тілінде жиі өткізіліп отырылса, мемлекеттік тілдің мерейі үстем боларына сенеміз. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ 2017 жылдың 1-ші жарты жылдығында Ақтөбе облысының соттары барлығы 1031 қылмыстық іс қараған, соның ішінде 471 қылмыстық іс қазақ тілінде (45,7 %), 560 қылмыстық іс орыс тілінде (54,3 %) қаралған. [3] Бұл тек қылмыстық құқық саласы ғана бойынша